



«Alinur» балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс
жоспары

№	Тақырыбы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын қайта бекіту және 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылап, бекіту. 2. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру және материалдық-техникалық базасының жай-күйі туралы ақпарат. 3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, терроризмге қарсы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және санитариялық талаптардың орындалуын қарастыру.	Қыркүйек	Меңгеруші, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2	1. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы серіктестікті дамыту, ата-аналардың білім беру үдерісіне қатысу белсенділігін арттыру. 2. Тәрбиеленушілердің сапалы және қауіпсіз тамақтануын ұйымдастыру, ас блогының жұмысы мен санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына қоғамдық мониторинг жүргізу. 3. Қысқы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұқпалы аурулардың алдын алу және денсаулық сақтау шараларын ұйымдастыру.	Желтоқсан	Меңгеруші, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, медбике
3	1. 2023–2024 оқу жылының қорытындысы: білім беру қызметінің сапасы, тәрбиеленушілердің жетістіктері және ұйымдастырылған іс-шаралардың нәтижелері туралы ақпарат.	Мамыр	Меңгеруші, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық

	2. Балабақша аумағын көркейту, көгалдандыру және балаларға қолайлы қауіпсіз ойын ортасын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды талқылау. 3. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспарын қарау, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және қауіпсіздік шараларын бекіту. 4. Қамқоршылық кеңесінің жылдық қызметіне қорытынды жасау және бөбекжай меңгерушісінің жария есебін тыңдау.		кеңесінің мүшелері
--	---	--	---------------------------

«Alinur» балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің №1 хаттамасы

Өткізілген күні: 20 қыркүйек 2023 жыл

Төрайымы: А.Т.Тлеугабылова

Хатшысы: А.С. Балжанова

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, меңгеруші, ата-аналар комитетінің өкілдері.

Күн тәртібі

Қамқоршылық кеңесінің құрамын қайта қарап, бекіту және 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, материалдық-техникалық базасы және тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Т.Тлеугабылова жаңа оқу жылының басталуына байланысты Қамқоршылық кеңесінің құрамын қайта қарау қажеттігін айтып өтті. Кеңес мүшелерінің белсенділігі, ата-аналармен және бөбекжай әкімшілігімен өзара ынтымақтастығы алдағы оқу жылындағы жұмыстың негізгі бағыты болатынын атап өтті.

Ол 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырып, онда қарастырылған мәселелердің тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, білім беру сапасын қолдауға, ата-аналармен байланысты нығайтуға және материалдық-техникалық базаны жетілдіруге бағытталғанын айтты.

Кеңес мүшелері жоспардағы барлық іс-шаралардың өзектілігін атап өтіп, жоспарды бекітуді ұсынды.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Меңгеруші А.Б.Аралова оқу жылының басталуына дайындық жұмыстары туралы есеп берді.

Баяндамасында:

оқу кабинеттері мен топ бөлмелерінің жаңа оқу жылына толық дайын екендігі, оқу-тәрбие процесіне қажетті жиһаздар мен оқу құралдарының жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілгені,

ойын алаңдарының техникалық жағдайына тексеру жүргізілгені,

өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес алғашқы өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы қаралғаны,

эвакуациялық шығу жолдарының талапқа сай екендігі,

санитариялық талаптардың орындалуы тұрақты бақылауда екендігі,

бейнебақылау жүйесінің жұмыс жағдайы тексерілгені,

балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіздік шаралары толық орындалғаны жөнінде ақпарат берілді.

Сонымен қатар балаларды қабылдау барысында медициналық сүзгінің ұйымдастырылуы, күнделікті таңертеңгілік бақылаудың жүргізілуі және ата-

аналармен қауіпсіздік мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгені айтылды.

Сұрақтар

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

ойын алаңдарындағы жабдықтардың техникалық жағдайы,
бейнебақылау камераларының жұмыс істеуі,
күзгі кезеңдегі қауіпсіздік шаралары,
ата-аналарды ақпараттандыру жұмыстары жөнінде сұрақтар қойды.
Меңгеруші барлық сұрақтарға толық жауап берді.

Жарыссөз, Оразғали Бақтыгүл

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері бөбекжайда балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастырылғанын атап өтті. Материалдық-техникалық базаны кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстарын жалғастыру және ата-аналарды бөбекжай өміріне белсенді тарту жөнінде ұсыныстар айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- 1.Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамы бекітілсін.
- 2.2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бірауыздан қабылдансын.
- 3.Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 4.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіздік шаралары тұрақты бақылауда ұсталсын.
- 5.Материалдық-техникалық базаны жетілдіру жұмыстары кезең-кезеңімен жалғастырылсын.
- 6.Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде өткізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Т.Тлеугабылова
Хатшы С.Балжанова



«Alinur» балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 22 желтоқсан 2023 жыл

Төрайымы: А.Т.Тлеугабылова

Хатшысы: А.С. Балжанова

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, меңгеруші, ата-аналар комитетінің өкілдері.

Күн тәртібі

1. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара байланысын нығайту.
2. Тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру сапасына қоғамдық бақылау жүргізу және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын қарастыру.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік талаптарын сақтау, төтенше жағдайлардың алдын алу және балалардың денсаулығын қорғау мәселелері.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Т.Тлеугабылова ата-аналар мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастықтың тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттырудағы маңызына тоқталды.

Меңгеруші А.Б.Аралова оқу жылының бірінші жартыжылдығында ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат берді. Атап айтқанда: жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары өткізілгені, ашық есік күндері ұйымдастырылғаны, мерекелік іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысқаны, жеке консультациялар тұрақты жүргізілгені, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы ақпараттық байланыс жолға қойылғаны баяндалды.

Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері тыңдалып, оларды білім беру процесіне тарту жұмыстарының оң нәтижелері айтылды.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Медбике С.С.Сундеткалиева тәрбиеленушілердің дұрыс тамақтануын ұйымдастыру және санитариялық талаптардың сақталуы жөнінде баяндама жасады.

Ақпарат барысында:

бекітілген перспективалық ас мәзірі негізінде тамақтандыру ұйымдастырылып отырғаны, дайын тағамдардың сапасына күнделікті бақылау жүргізілетіні, азық-түлік өнімдерінің сақтау мерзімдері мен қауіпсіздігі қадағаланатыны, ас блогының санитариялық жағдайы талаптарға толық сәйкес екені айтылды.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды

Меңгеруші А.Б.Аралова қыс мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары туралы хабарлама жасады.

Атап айтқанда:

балалардың қысқы серуендерін қауіпсіз ұйымдастыру,
мұздану жағдайларының алдын алу,
қар тазалау жұмыстарының жүргізілуі,
жылыту жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі,
өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы,
төтенше жағдайлар кезіндегі эвакуациялық жоспарлардың дайын болуы,
тұмау және вирустық аурулардың алдын алу бойынша профилактикалық
жұмыстар жүргізіліп отырғаны баяндалды.

Сұрақтар

Кеңес мүшелері:

қысқы серуендерді ұйымдастыру;
балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
тамақ сапасына қоғамдық бақылау жүргізу;
аурулардың алдын алу шаралары бойынша сұрақтар қойды.
Барлық сұрақтарға толық жауап берілді.

Жарыссөз Ибрашева Нұрбина Марксқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ата-аналармен жүргізіліп жатқан жұмыстарға оң баға берді. Тамақтану сапасын қоғамдық бақылауды жалғастыру және ата-аналардың қатысуымен мониторинг жүргізу ұсынылды. Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- 1.Ата-аналармен ынтымақтастықты дамыту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
- 2.Тамақтандырудың сапасына қоғамдық бақылау тұрақты жүргізілсін.
- 3.Санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуы әкімшілік бақылауында болсын.
- 4.Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік талаптарының орындалуы күшейтілсін.
- 5.Балалардың денсаулығын сақтау бойынша профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



А.Т.Тлеугабылова

А.С.Балжанова

«Alinur» балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің №3 хаттамасы

Өткізілген күні: 24 мамыр 2024 жыл

Төрайымы: А.Т.Тлеугабылова

Хатшысы: А.С. Балжанова

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, меңгеруші, ата-аналар комитетінің өкілдері.

Күн тәртібі

1. 2023–2024 оқу жылындағы білім беру және тәрбие жұмысының нәтижелері, тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы ақпарат.
2. Балабақша аумағын абаттандыру, көгалдандыру және қауіпсіз ойын алаңдарын күтіп ұстау жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық, сауықтыру және шынықтыру іс-шараларының жоспарын қарастыру.
4. Қамқоршылық кеңесінің 2023–2024 оқу жылындағы жұмысына қорытынды жасау және бөбекжай меңгерушісінің жылдық есебін тыңдау.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Меңгеруші А.Б.Аралова 2023–2024 оқу жылының қорытындысы бойынша есеп берді.

Есеп барысында:

оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспары толық орындалғаны, тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының даму көрсеткіштері оң нәтиже көрсеткені, түрлі байқаулар, іс-шараларға тәрбиеленушілердің белсенді қатысқаны, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені туралы ақпарат ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Әдіскер А.С.Балжанова жауапты қызметкерлер балабақша аумағын абаттандыру жұмыстары жөнінде баяндады.

Атап айтқанда:

гүлзарларды жаңарту,
ағаштар мен бұталарды күтіп-баптау,
ойын алаңдарын сырлау,
кұм салғыштарды жаңарту,
көлеңкелі қалқаларды жөндеу,
серуен алаңдарын қауіпсіз жағдайға келтіру жұмыстары жоспарланғаны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды

Меңгеруші А.Б.Аралова жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспарды таныстырды. Медбике С.С.Сундеткалиева жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілетінін хабарлады.

Төртінші мәселе бойынша тыңдалды

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Т.Тлеугабылова кеңестің бір жыл ішінде атқарған жұмысына қорытынды жасады.

Ол оқу жылы ішінде:

барлық жоспарланған отырыстар өткізілгенін,
ата-аналармен тиімді байланыс орнатылғанын,
қоғамдық бақылау жұмыстары жүргізілгенін,
балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту бағытында ұсыныстар берілгенін,
тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері тұрақты бақылауда болғанын атап өтті.

Меңгеруші А.Б.Аралова жылдық қызметі туралы есеп беріп, оқу жылының негізгі жетістіктері мен алдағы міндеттерге тоқталды.

Жарыссөз Жанғазы Диана Рүстемқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері оқу жылы ішінде жүргізілген жұмыстарға оң баға беріп, ұжымның ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты тиімді ұйымдастырғанын атап өтті. Келесі оқу жылында балалардың қауіпсіздігі, материалдық-техникалық базаны нығайту және цифрлық ақпараттандыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- 1.2023–2024 оқу жылының қорытындысы бойынша бөбекжай жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.Жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары бекітілсін.
- 3.Аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
- 4.Қамқоршылық кеңесінің 2023–2024 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
- 5.Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу тапсырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Хатшы



А.Т.Тлеугабылова

А.С.Балжанова